

КЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫН УЛУТТУК ИЛИМДЕР АКАДЕМИЯСЫ
ГУМАНИТАРДЫК ЖАНА ЭКОНОМИКАЛЬЖ ИЛИМДЕР БӨЛҮМҮ
Ч.АЙТМАТОВ АТЫНДАГЫ ТИЛ ЖАНА АДАБИЯТ ИНСТИТУТУ

НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ
ОТДЕЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ И ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК
ИНСТИТУТ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ИМЕНИ Ч.АЙТМАТОВА

ЫАТЮКАБ АСАОЕМҮ ОҒ 8СІЕКСЕ8 ОҒ ТНЕ КУКОУ2 КЕРІЛЗЫС
^ІVІZІОН ОҒ НГІМАКІТІЕ8
Ы8ТГГОТЕ ОҒ ҒАШУАОЕ АКБ ПТЕКАШКЕ КАМЕБ АҒТЕК СН.АІТМАТОУ

*«Ысык-Көл форумунун» 30 жылдыгына арналат
Посвящается 30-летию «Иссык-Кульского форума»
Ое\`оіе(1(о те 30"" аnnh>есагу о/(Не «Иц>к-КуI/огит»*

«АЙТМАТОВ ОКУУЛАРЫ - 2016»

Эл аралык илимий-практикалык конференциянын материалдары
(12-13-декабрь, Бишкек, Кыргызстан)

Материалы Международной научно-практической конференции
«АЙТМАТОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 2016»
(12-13 декабря, Бишкек, Кыргызстан)

МаІегіаГз оПтегпаііопаІ зсіеппІТіс ргасіісаі сопіегепсе
«АГГМАТОУ'8 КЕАБШС - 2016»
(ӘесетЪег 12-13, Візһкек, Куг§у25іап)

Бишкек-2016

Эр жигиттин бактысы - кутгуу коломтосунун отун өчүрбөй, бирди тапса эки кылган ырыскысы, өйдөдө өбөк, ылдыйда желөк болгон таянычы, үй-бүлөнүн туткасы, жароокер жар, акылдуу аял экендиги тууралуу ой окурманга тартууланат.

«Кутгуу билимде» автор өз замаындагы адептик-этикалык принциптерди, идеяларды ошол доордун тарыхы, маданияты, дини менен шайкеш байланышта карал, аларды акыл-таразасына салып баалап, нарктап ой толгогон. Ошобдуктан буя чыгарманы адамзатка ар убак адеп-ахлактык, нравалык жактан азык болуучу этикалык энциклопедия катары бааласак ашыкча болбойт. Адамдын коомдогу журуш-турушу, карым-катыш мамилелери, даанышман ойчулдун философиялык коз карашы менен берилет. Символикалуу мааниси бар чыгармадагы образдар адам өмүрүндөгү эң бир асыл адамзаттык баалуулуктарды алым жүргөй образдар.

Бүгүнкү күндө дүйнө жүзүндө отуздан ашык чоң-чоң этностор бар экени белгилүү. Алардын ичинен тарыхы бир, тагдыры орток түрк элдеринин өзүнө мүнөздүү дүйнө таанымы, каада-салты, үрп-адаты бар. Ата-бабаларыбыздан калган улуттук салт-санаалар келечек муундарды татыктуу тарбиялоодогу эң негизги булак катары кызмат кылып, адамзаттык баалуулуктарды сактоого зор таасирин тийгизет. Ошондуктан түрк элдеринин орток этномаданий, адабий мурастарын комплекстүү изилдөө иштерин ар тараптуу колго алуу учур талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Айтматов Ч. Закон всемирного тяготения. Китепте: Айтматов Ч. Собрание сочинений: в 3-х томах. Рассказы. Очерки. Публицистика. - М.: Мол. Гвардия, 1984
2. Акматалиев. А. Тандалмалар. - Бишкек, 2002.
3. Жусуп Баласагын. Кутгуу бшгам. - Бишкек, 2015
4. Түрклик тарбие. Антологиясы. — Алматы: Интеллсервис, 2013.
5. Ыйсаева П. Каада-салт көркөм адабиятта. - Бишкек, 2004.

*ЛВАКОВА Р.А.
филол.г.д., профессор
эл-Фараби атындагы КазҰУ
Баят Е.гылыми ңызметкер
ҚР ҒА эдебиет жэи опер институты*

ҚАЗАҚ-ҮНДІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ГАРМОНИЯ

В данной статье рассматривается комплексное исследование творческого наследия казахских и индийских мыслителей прошлого века - крупнейших представителей национальных культур в диалоге цивилизаций: Абая и Свами Вивекананды. А также духовные школы Казахстана и Индии, которые берут свое начало от великого Абая и Тагора, в трудах, где прослеживается параллель в виде духовной гармонии. Выявлены общие моменты в духовном наследии казахских и индийских мыслителей, выполнен анализ с точки зрения литературы, культуры и философии.

Ключевые слова: творческое наследие, духовная гармония, мыслитель, культура, философия.

Үнді философиясының қазіргі заманғы ірі өкілдерінің бірі - Свами Вивекананда. Оның атак даңқы 1893 жылғы Дүниежүзілік дін конгрессінде сөйлеген сөзінен кейін жалпақ әлемді шарлап кетті десе де болады. Ол үндінің байырғы философиялық көзқарастарын әрі қарай дамыта отырып, өзіндік жаңаша ойдың тұлғаеығнаайналды. С. Вивекананда философ, өз халқының

күрескер ұлы ретінде ұлттық діни - философиялық дәстүрлерді жалғастырушы ғана емес, жаңа сипаттағы мәдени қарым - қатынастарды қалыптастырушылардың бірі болды. Үнді халқының ұлт азаттық көтерілісіне дем берді. Ұлттық таным дүтшесіне үлкен әсер еткен ойшылдардың қатарында саналады.

Үнді философы Свами Вивекананданың шын аты - Нарендраната. Датта. Ол 1863 жылдың 12 қаңтарында Калькута қаласында қарапайым Вишванатха даттаның отбасында дүниеге келген. Жас Нарендранатханың еркін ойдың иесі болып өсуіне отбасындағы қамқорлық, жылы мейірім әсер етпей қойған жоқ. Әкесі ұлынан үлкен үміт күткен. Үнемі көзден таса қылмай қасында ұстаған. Бала жастан Үндінің әйгілі ел-жерін аралатқан. 1879 жылы Нарен колледжге оқуға кетеді.

Әсіресе оны И. Кант пен А. Шопенгауэрдің еңбектерімен қатар, Дж. Мильдің, Г. Спенсердің философиялық көзқарастары қатты қызықтырады. Сол кезде әйгілі жиһангез Д. Юмның да мәдени - философиялық пайымдарына қызығушылық танытқан кездері болған. Кейіннен ағылшынның позитивтік, утиларистік философиясына бір жола ден қойған соң оған сыни көзқараспен қарай бастайды. Алайда жас философ құдайдың болмысына қатысты философиялық агностицизмнен бір жола бас тарата қойған жоқ еді. СоЗГуақыттан бастап үндінің ортодоксалды діни наньш - сеніміне күмәнмен қарай отырып, үлкен өзгерістердің қажеттілігін түйсінді. Үнді философиясындағы «брахмандық» жаңғыртуларды қалады. Жас Нарендраның ыстық қананда күрескерлік рух тулады. Ол өзін Ұлы француз төңкерісінің екілі есебінде санады. Осы жылдары ол Томас Карлейльдің кітаптарына ерекше ден қояды.

1881 жылы С. Вивекананданың Рамакригиша Параммахасамен кездеуі Нарендраның алдағы өміріне көп өзгерістер әкеледі. Осыдан бастап ол ағылшын поэзиясын оқуға көп уақытын аранйды. Уордсворттың, Теннисонның. Шеллидің поэзиясындағы романтикалық рух, ақын жанының ішкі толғанысы, элеммен бірлігі, шабытты әсерленуі секілді шығармашылық биіктік оны қуаттандырып отырды. Вивекананданың Рамакришинамен таныстығы ішкі тайталасқа, піпірлердің әр алуандығына әкелді. Колледж қабырғасында дүние танымдық қозқарастарға байланысты пікір таластар жиі болып тұратын. Сондай тақырыптың бірі - Құдайдың бірлігі, болмыстың тұтастығы, діннің әр алуандығы туралы болытын.

Екінші бір қызықты тақырып кедейшілік, тұрмыстық тауқыметке қатысты болды. Ондай әңгіменің қозғалуы да орынды еді. Сол кездегі Үндістанның қоғамдық -элеутметтік жағдайы, халықтың тұрмыс -тіршілігі мүшкіл халде еді.

Ол кездегі ең өткір тақырыптардың негізі әйелге, ақшаға, жерге қатысты тәмсілдік сөздер болатын. Жалпы жоқшылықты олар «кали -юга» деп атады. Үшінші шешуші мәселе - осы «кали - юга»-дан құтылудың жолдарын қарастыру. Рамакришнаның тәмсілі бойынша жоқшылықтан құтылудың жолы екі түрлі екен. Олар: бхукти - ләззатану мен еркіндік, және «мукти» - бейбіт өмір сүру, өз міндеттерін атқару. Қалай дегенменде жас Нарендраның қалыптасуына Рамкришина әсер етті. Вивеканада табандай бес жыл Рамакришнаның шәкірті болады. кейбір пікір алуандығына қарамастан ол оның ең сенімді шәкіртерінің бір болып қалды. 1884 жылы Нарендранатханың әкесі мезгілсіз қайтыс болады да, отбасының бар ауыртпалығы соның мойынына түседі. Ағыр тұрмыс қажытқан. Несие қарыздардың төленбеуі. Жан-жақтан қыспақ. Зар еңіреген анасы мен бауырлары.

Осы бір сүренсіз уақыт туралы Вивеканада кейіннен ашына жазған болатын: «..Я узнал на опыте, что такое человеческое сочувствие. Это было мое первое соприкосновение с действительной жизнью. Я отрыл, что в ней нет места слабым, бедным, покинутым.. »

Вивеканада өмірдің шындығына тік қарауды үйренді. Адам өмірін жалған иллюзияға айналдырған, Құдайдан ғана жәрдем тілейтін тақуалық, әрекетсіз түсінік пен танымға алғаш рет қарсы шықты. Отбасындағы қайғылы жағдай өмірге жағаша қарауды үйретті. «Құдайға

жалбарынып, оған мадақ айту тек ауыздары алтын қасықты жалауға жаралып гуғандарға арналған!» -деген ашы айқайын ол осында айтқан еді. Жалпы Құдай мен адам арасындағы қарым қатынас туралы философиялық трактаттар танымдық философияның өзекті тақырыбына айналғалы қашан. Солардың ішінде нарэндра ерекше ден қойып, қызығып оқыған Канттың философиялық көзқарастарының орыны айырықша еді.

1781 жылы жазған «Таза зердеге сын» сын атты атакты еңбегі элемдік философияда жарылыс жасағаны белгілі. Ол бұл жаңалықты «Коперниктік төңкеріс» деп атады. Оның мәні не де еді? И. Кант озіне дейінгі ойшылдардың табиғатты зерттей отырып, болмысты, материяны философияның негізгі нысанына айналдырған байламдарын мүлдем жоққа шығарды. Немістің ұлы ойшылы «біздің философиялық талдауымыз ойлауға, идеяға, ақыл - зердеге, субъектіге бағытталуы тиіс деді. Ал болмыс, метерия, объекті осы ойлауға , идеяға, ақыл - зердеге, субъектіге бағынадыжәне солардан келіп шығады» деп түсіндірді [1, 151 б.]. И. Кант таным философиясындағы субъектінің белсенді рөлін айқындап, негіздеп берді.

Жас Нарендраның басындағы ауыр хал оның өмір туралы, оның мәні жайындағы көзқарастарына үлкен өзгерістер енгізді. Оған ұстазы Рамакришналық көзқарастан бой тартуға тура келді. Ежелгі үнділік брахманизм бойынша «ізгілік Құцайына жалбарыну» амалдарының дәстүрлілігі қажетсіз болып көрінді. Әрине ол Құдайды жоққа шығармайды. Бірақ субъекті ретінде, ой мен сананың ақыл иесі ретінде адамның өзіндік іс әрекетін, мақсатты іс- тәжірибесін енді еске ұстауға талпынды.

Жалпы жаратылушының ең саналы түрі есебіндегі адамның адамдығын танытатын әрине ол - оның ақыл-ойы. Ежелгі грек философиясындағы рационализм идеясы осыны насихаттайды. Қыскасы, адамды адам ететін бірден бір көрсеткіш ол- ақыл мен сана. Сондықтан да адам ақыл мен сана иесі есебінде болғандықтан мақсатты әрекеттердің де иесі болуға тиіс. Адам жаратылыс дүниені, айнала қоршаған ортаны көріп, біліп. сезіп қана қоймай соған қортынды жасауға, бағамдауға, өз талап, тілік тұрғысынан қарым-қатынасқа түсуі тиіс. Ол - адам бойындағы жасампаздық күш деп аталады. Әсіресе адам қоғамдық формацияның, белгілі бір элеуметтік топтың мүшесі ретінде белсенді әрекетке түсуі қажет. Сол арқылы ол өзінің қарым-қатынасын белгілейді, мақсатты іс-әрекетін орындайды.

Жалпы тағдыр, жазмыш деген ұғымдарға қатысты адам санасындағы өзгерістерді қалады. Дүниенің себебін анықтап танудағы адамның белсенді сана әрекеті дәстүрлі діндерде ескеріле бермейтін. Ол пайым бойынша бар себептің негізі құдайға ғана. Ол нені қаласа сол ғана болады. Адам тек соған ғана мойын ұсынып, шүкірлік етуі қажет екен. Бір сезбен айтқанда бар себепкерлікті, жауапкершілікті абсолюттік идеяға ғана жүктеу.

Кант секілді Вивекананда да адамның~*белсенді ақыл -ойын құнтайды. Сол себепті де ол жоғарыда айтқанымыздай «тек құдайға мадақ айту гимнінен бас тарту» идеясына келеді. Әділетсіз, кедей қоғамда өмір сүріп отырған адамның әсіре шүкіршілігі адамның ақыл- ойына, санасына, зердесіне кері әсерін тигізеді. Адамның әрекетшіл белсенді рухы төмендейді.

Фшюсофиядағы адамның мәні туралы осынау к\~рделі ой қазақ халқының данышпан ұлы Абай Құнанбайұлын да бар. Әрине, Абай арнайы философиялық трактаттар жазбаған адам. Оның түсінігінде жалпы элемдік діни көзқарастардың ішінде Исламның қағидаттары ерекше орын алады. Алайда Абай бір ғана діннің шеңберінде шектеліп қалмаған көрінеді. Оның ақыл- парасаты, айтқан ойлары элемдік ойшылдармен үндесіп жататындығы да содан. Абай өзінің ғақлиясында , «а>ыруды жаратқан Құдай, ауыртқан құдай емес» немесе «байлық пен кедейлікті жаратқан құдай, бірақ бай немесе кедей қылған Құдай емес» дейді. Өз кезеңінде қазақ сахарасында мұндай батыл байламды көзқарасты, сыни көзқарасты Абайдан өзге ешкім де айта алған жоқ.

Ұшқыр уақыттың шаужайына жармаспы, шылбырына сүйретілген дүние-ай, болмыстың жаратылғаннан бергі жасамыс тарихында ойдым-ойдым орын алып. өз дәуірінен оқ бойы озып тұратын, жаңа қырынан жарқырап, замана керуені ілгерілеген сайын жаңғырып жататын тумысы терең түнба ойлар, дарақтай дара көрінетін дарабоз даналық, тұғыры биік тулғалар болады. Өкініштісі сол, саф алтынның сирек кездесетіні секілді Адамзаи ойының алып айсбергтерінің шеп құрған шеруінің шектеулі екенін ескерсек, осы қатардан ұлы Абайымыздың орын алуы халқымыздың, қала берді әр қазақтың зор мақтанышы, биік мәртебесі. Ондай тулғаларды тек бір халықтың, бір ұлттың еншісіне теліп, қанжығасына байлап бере қою ақиқатқа да, ақылға да сыймайтын ағат іс болар еді. Тегінде, Белинскийдің «Ұлы ақындар» (пайғамбар деп есептесек) жалпы адамгершілікке ортақ ақиқатты бейнелемек» - деуі ғаламдық ойдың көлемінен көрінудің кешебелігін меңзесе керек. Алайда, әр топырақтың өз жемісі болады ғой, ежелгі Афина Аристотельді, орта ғасырлық Отырар Әл-Фарабиді тудырғаны секілді, иек астында қалған бір ғасырдың қуықтай тарылған құрсағында толғағы ащы замананың зар зәкарын жұтып, дөңбекшіп жатқан қазақ даласының Абайды дүниеге әкелуі заңды да болар деген ойға қаласыз. Сарабал ой, салқын ақылдың сабасын пісіп, адамгершілік ар-ұяттың мәйегін қалқып алып, оны ғұмырлық мұраттың рухани азығына айналдыру ұлтының ұлағаттылығы, санасының салауаттылығы. Рухани келбетінің келістілігі үіпін «соқтықпалы соқпақсыз жерде мыңмен жалғыз алысқан» ұлы ақынның тағдырына танылған. пешесіне жазылған қайшылыққа толы қапалы өмірі, мағыналы ғұмыры.

Ғасыр-ананың өзі ебепсіз де себепсіз алыптарға жүкті бола бермейтін сияқты ғой... Солардың барлығы дерлік өз уақытының уын ішіп. замаиының запыранын құсып, дәуіріне дертті болып өтті десек, дәл Абайдай жетесіне жеткізіп, жегідей жеп айтқан, шындықтың отына шьтжықтай шыжғырып, ақиқаттың белдігіне атын байлай сөйлеген, өлең сөздің өрнегін, косем сөздің көр??? әзіне дейін болып көтере көсілген қазақ ділгері болған жоқ. «. Абайдың ұлттылығы, - дейді белгілі сыншы С.Әшімбаев, - жалпақ жұртының элеуметтік-психологиялық портретін жасау арқылы оның типтік болмыс бітімін барша адамдық, ұлттық, табиғи, һәм тарихи қайшылығымен ашып бергендігінде жатқан сияқты». Сөз қайшылық дегеннен шығады, Абай жанын жаралап, жүрегін сыздатып, бауырын шабақтаған мұң мен зар, қайғы мен қапа, қабаты мол қайшылық-өзіндік санадан ұлттық сананың арасына апарып құятын ағысы мол арынды, тамшысы таза рухани бұлақтың тазалығы үшін, соның суалмауы үшін өріліп жатса, ол - ең алдымен езінен бұрын халқын қалтқысыз сүйгендік, қадіріне жетем деушілік. Тегінде, Абай Сократтың «Сен алдымен өзінді өзің таны». «менің білетінім - ештеңе білмейтіндігім, ал, басқалар мұны да білмейді» деген қағидасын қатаң ұстанған ба дейсіз. Өзіннің өзіне үңілудің әлгі қайшылықтың сырын ашуға ұмтылу. жақсылығың мен жаманшылығыңды айыра білу, соны мойындау, түзетуге бет бұру болып табылмай ма. Бұл болмаған жағдайда ұлттың өсуі де, оркендеуі де мүмкін емес. Міне, Абай осыны терең ұғынып. ұлт табиғатындағы ұнамсыздықты, қазақ психологиясындағы келеңсіздікті өлтіре сынайды. Сынның өзі жадағай нәрсе емес, сындарлы ойдың, таразы талғамның жемісі. Ащы сынның уытын сезер жұрттың, етек жеңін тез жиып, адды-артын байырқалап, ел болудың қамына кірісуі қапысыз. Алайда, айналасындағы надан жұрт, есер елден етек бастылық көп көре берген ақын:

Атымды адам қойған еоң,
Қайтіп надан болайын,
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!
«Қазақтың озге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапсаң үкпас сөзін.

Көздің жасы жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды іште мұзын», -

деп әбден тарығады, тлғанады. Абайдың өз басы өзіндік сананың екі саласын - дүниені материалдық және рухани игеруді мақсат еткен. «ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» деуі осының айғағы. Мынау жұрттан соны талап етеді:

«...Әуелі өнер ізделік қолдан келсе
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық»
«...Қызмет қылып мал таппай...»

Айайда адамгершіліктің арқауын, арман-мақсаттың мәнін, ғылым-білімнің, өнерліліктің өресін өзгелерден биік қояды.

«Ынсап, ұлт, ар-намыс, сабыр, талап
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді
Өтірік пен өсекті жүндей сабап».

Ел ішіндегі өнер-білімге құлықсыздықты, білмекке, үйренбекке, ұмтылыстың аздығын, ас ішіп, аяқ босатқан тоғышарлықты, орынсыз ойын, ырғақшыл қалжың, бос күлкіге бой алдырған бойкүйезділікті, ел ішін іріткен өтірік-өсек, арызқойлықты, алыс-жуықтың арасын алған алтыбақан алауыздықты-қылқысқасы ұлттың рухани дерттің шемінін алмас тілдің өткір өзегінен еткізе оғырып, сынайды. Алдау мен арбау, ар мен иманды саудаға салған санасыздық, аяқтан шалып, етекпен тартқан көреалмастық, терін емес телмііп көзін сатқан тексіздік, нас басқан намыссыздық, жібі босаған жігерсіздік Абайды күніне жүз ойлантип, мың толгантип, көкірек басын ауырлатып, Қорқыт қобызындай күңірентеді. Заманның зарын толғай отырып, елдің ертеңіне - болашақ жастарға ой бұрады. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деуі осының салдары. «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары. Біріне бірі қастыққа - Қойнына тыққан тастары», - дегені бүгінгі күннің көрінісімен, бүгінгі жастың болмысымен дөппе доп келді ме, жоқ па, оған Абайдың өзі айтқан «адам ғапыл» - сіз бен біз кепіл.

Абайдың ал деп алға тартқаны Адамгершілік болса, ұлттық ұят пен намысты, бірлік пен берекені осының алғы шарты етіп ұсынады. «Бірінді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», «Таласып босқа, жау болып досқа, қор болып құрып барасың», «қазақтың қайсысының бар санасы, қылт етер де дап-дайын бір жаласы», - деген жүректің қанымен түскен тіркестің, ой адымының шеңберінен қай заманда, қай қазақ ада бола алды екен?! Әй, қайдам. Абайды оқисыз, оқисыз да таңқаласыз. Бір, екі емес, күллі Абай шығармашылығы «қалың елі қазақтың» санасы мен салтынан, болмысы мен рухынан алшақтап кеткен емес. Таңқалатыныңыз сол - өз уақыт сахнасындағы адам мінезінің, қоғамдық - моральдың, ұлттық табиғаттың Абай ашқан қалтарыстарының бүгінгі уақытпен қапысыз үндесуі. Неткен көрегендік, неткен пайғамбарлық! Жас дос! Абайды зерделей отырып өз заманымызға. өз замандарыңызға бір сәт ой көзімен, сын сипатымен қараңызшы. Қайсысы Абай айтқан дерттен аулақтау жүр екен? Досың қайсы, жауың кім? Бойы бұлған, сөзі жылмаңдар сол Абай заманында ғана болып па екен? Кешегі Күлембайлардың көшірмесі бүгін жоқ па? Бәрі білімді, бәрі сауатты саналатын бүгінгі қазақтың Абай заманынан озғаны кәне? Адамгершілік пен адалдықтың қазіргі құны қанша? Жаныңды ауыр", жауап тап. Абайға жау болған хас надандық қазірдің өзінде қасыңнан табылып жатса кімге өкпе артар ең? Бізде де надандық бар десең былайғы жұрт сенер ме еді? Сенбегені былай тұрсын, ерін бауырына ала тулап, соны айтқан өзінді надан атандырап, бәз біреудің ойынша надандық күпі киіп төсенген Абай заманымен бірге «келмеске кеткен де».

Қоғамдағы саяси - әлеуметтік жағдай көп жағдайда адамдардың, соның ішінде ойшыл адамдардың қоғамдық пікірін қалыптастырады. Үнді халқы да қазақ халқы сияқты отаршылық

езгіні көрген ел. Абай мен Вивекананданың өмір сүрген заманы да тұспа-тұс. Бірі орыс отаршылығын көрсе, екіншісі ағылшын езгісінің ауыр жағдайын көріп, өсті. Отарлық саясаттың шеңберінде қалған бұратана халықтардың бойындағы әлсіздік пен бағыныштылық, керітартпалық пен көнбістік олардың зығырданын қайнатты. Олар елімді қалай тең терезелі етсем деген ойда болды. Отарлаушы ел тарапынан болып жатқан әрекеттерге батыл қарсы тұра білді. Қазақ даласына христиандық дінді тарату жвніндегі, қазақтарды шоқындыру әрекеттері жайындағы ақылға сиымсыз істерге қарсы Абайдың да қарсы тұрғаны белгілі. Пташа жандаралының абай үйіне тінту жүргізуінде де осының салдары бар еді. Ол көкшелік имам, дінтанушы Шәймерден Қошығұловтың Абайға жазған хаты болатын. Сұм -сүркія заманның сиқын абай өз өлеңдерінде келістіре айты.

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.

Осы өлең жолында, Абай жекенің тұлғалық сипатын айтып отыр. «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел» - деп өзі айтқандай, жеке тұлғаның рөлін ол да қолдайды. «Ақын осы өлеңіндегі ойларында ел билеу жүйесіндегі жеке адам тұлғасына ерекше мән бере қараған» - дейді [2, 18 б.]

Сол сияқты үндістанды бодандыққа алған ағылшындар да үнді халқын басып, жаншып, дәстүрлі діндерінен бездіріп, католиктік шіркеуді тықпалап бақты. 1893 жылы Чикагода егкен Дуниежүзілік дін конгрессінде сөз сөйледі. Ол барлық елге тарады. Осы баяндамасында ол Батыстың Шығыққа жасап отырған гуманизмге жат шабуылдарын катты айыптады. Ашық сынады. Ол былай деді. «Үнді халқы үшін дін басты мәселе емес. Сіздер үндістанға өз шіреулеріңізід тықпалап әуресіздер. Үнді халқы ан сұрап отыр, ал сіздер оларды таспен атқылап отырмыздар!» Вивиканада да үнді халқының аш-халаңаш, сауатсыз, білімсіз отырғанына жаны күйетін. Өз халқын ашық күреске, топтасуға, бірігуге, саналы түрде әрекет етуге шақырды. Үнділіктерді тек үндінің іргелі бай мәдениеті мен рухы, дәстүрлі дініне деген сенімі құтарқып қалатын айтудан жалқыпады. Ол надандық пен топастықты елердей жек көрді, аясыз шенеді. Осы сапарында ол тағыда батыстықтарға қарата былай деді: «Аш, жалаңаш халыққа бөгде дін ұсыну - сол халықты сұмдық маскаралау!»

Абай да қазақ халқының қараңғылықтан босанып, ілім -білім іздеп шығуын, бірін бірі дос санауын, ел ішіндегі надандық пен керітар гпалыққа қарсы тұруға шақырды. Абайдың мына өлең жолдары соған дәлел:

«Білмеген соқыр,
Қаетысыз отыр,
Тамағы тойса жатута»
«Қазақты, қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос»

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз ауызына түскен мұртың...»

Абайдың философиялық көзқарасындағы үлкен бір тақырып, ол -шындықты, әділетті іздеу.

«Дүниені көздеп,
Ақиқатты іздеп
Екі жаққа үнілдім»

Абай ақиқат шындықты, оның тазалағын адам бойындағы жүректен іздеді. «Жүректен шыққан сөз жалған шықпайды» -деді данышпан. Абайдың, «Жүрегімнің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла..» - дегенде өз жүрегiнiң шындығын ғана емес, жалпы адам баласының шындығын жүректен іздеуге үндейдi. Немесе «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» -дейді ұлы Абай. Қысқасы шындықты адам өзінен іздеуге тиіс екен.

«Верьте в себя и воспряньте.. Пробудитесь от этого гипноза слабости. Нам нужен религия, формирующая человека. Истинно, все, что делает вас слабыми - физически, интеллектуально, духовно, - нужно воспринимать как яд...Истина-сила. Истина - чистота. Истина-знание. Истина должна делать человека свободным! » Вивекананданың мына үндеуі Абайдың өлеңдері мен карасөздеріндегі ақиқат туралы философиямен үндесіп келетініне көз жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Батыс философиясы. -Алматы: Жазушы. 2009. - б. 479.
2. Мырзахметұлы М. Түркістан тараз арасы. -Астана: Білгі, 2002. - б.448.

ИСКЕНДЕРОВЛ Ш.А.,
филология илимдеринин кандидаты,
доцент, ИЛрабаев атындагы КМУ

ЧЕЧЕНДЕР ЧЫ АРМАЧЫЛЫГЫНДАГЫ КУУДУЛДУК ӨНӨРДҮН ОРДУ

Куудулдук өнөр - элдик театрдын элементтерин оз ичине камтып, элдин эстетикалык табитин канааттандырып келген өнөр. Куудулдук тапкычтык менен куюлушкануйкаштык аркылуу жагымдуу, мазмундуу келип, айрым бир коомдогу терс көрүнүштөрдү ашкерелөөчү сатиралык элементтерге бай.

Макалада куудулдуктун чечендик өнөрүндөгү орду, чечендик аркылуу негизги оюн жеткирүүдөгү кызматы, өзгөчөлүгү тууралуу сөз болду.

Искусство сатиры вобрало в себя элементы народного театра, высоко подняло эстетическое воспитание народа. В сатире находчивость вместе с рифмой несет приятный содержательный смысл, богата элементами сатирической критики негативных явлений в обществе.

В статье рассматривается роль сатиры в ораторском искусстве, передача мысли через ораторское искусство, ее своеобразие и особенность.

Негизги создөр: чечендик, куудулдук, өнөр, чыгармачылык байланыш, талант, соз сүйлөө маданияты;

Ключевые слова: ораторство, сатира, искусство, творческая взаимосвязь, талант, культура речи.

Кыргыз чечендери акындыкты, комузчулукту, айтуучулукту, куудулдукту алып жүрүп, тапкычтыгы менен, куюлуштура сүйлөгөн жагымдуу, мазмундуу кара сөзү менен айырмаланган. Алардын сөздөрү кийинки урпактарга үлгү болуп, калкка кылган кызматтары сыймык менен эскерилнп келген. Кыргыз элиндеги чечендик - сөз сүйлөөнүн салты. маданияты катарында эмес, өнөр катары каралган, өнөр-өрүшүн кеңейтип, кеменгер бабаларыбыздын ар бир сөзүндө терең маани менен мыкты ой, акылмандык менен корогөчтүк болуп келген.

Чечендик өнөр менен сатыштырмалуу кийинки мезгилдерде келип чыккан куудулдардын чыгармачылыгында айрып алгыс жакындык, тутумдашып өнүгүп жаткан системанын бар экендиги белгилүү. Куудулдук өнөрдүн башаты-чечендикте жатып, чечендик куудулдуктун элементтерин ала жүрүп, ошол эле мезгилде куудулдук эл тарыхы менен кошо өнүгүп. маданий, саясий, коомдук, социалдык-турмуштук көрүштөрдү чагылдырып жүрүп отурган. Демек, бул өнөр ээлери бири-бири

2-БӨЛҮМ:
«ГУМАНИТАРДЫКИЛИМДЕРДЕГИ АЙРЫМ АСЕЛЕЛЕР»

Нурдин Усеев "Манас" эпосу менен Орхон-Энесай жазма эстеликтериндеги окшош каармандар: Алмамбет - Тунйукук / Күлчоро - Күли-Чор.....	276
Бауыржан Омарұлы Асанқайғы толғауларының казак және кыргыз нұсқалары.....	284
Муратов.А. "Манас" эпосундагы элдик медицина.....	290
Жумагулов М.Ж. Кыргыздардын экологиялык каада-салттарынын аксиологиясы.....	296
Юлдыбаева Г.В. Башкирский мифологический байт "Сак-Сук".....	299
Дандай Ыскакулы, Нұрымова Қ. Түркілік бірлік бастауы - ортақ мәдени.....	304
Дихан Қамзабекұлы Мәдени ықпалдастық шамшырағы.....	310
Сариева К. "Манас" эпосундагы "көч", "көчүү", "конуу" түшүнүктөрүндөгү рационалдуулук.....	319
Дюшалиев К. Ш., Лузанова Е. С. Кыргызский музыкальный фольклор как основа современной национальной культуры.....	324
Абдуллаев. С. Н. Корреляция экранной и литературной версий фольклорной поэмы «Нур дастаны».....	330
Акжигит Әлібекұлы Аңыз және акикат: Бумын каған туралы бірер сөз.....	332
Жантелиева Н.Г. «Кутагду билик» в исследованиях А.Н.Бернштама.....	340
Ыйсаяева Н.Т. Каада-салттар түрк элдеринин адабий мурастарында.....	343
Авакова Р. А Казак-үнді әдебиетіндегі идеялык және эстетикалык гармония.....	349
Искендерова Ш.А. Чечендер чыгармачылыгындагы куудулдук өнөрдүн орду.....	355
Ерболат Баят Түркі -моңгол жырларындагы мотив -ситуация.....	359
Эралиева Ы.С. Сказание о Манасе в «Маджму-атут-таворих» в исследованиях З.Мамытбекова.....	364
Кулбаракова З. «Манас» эпосунда тотемдик белгилердин көркөм кызматы.....	368
Өмүралиева Ж.О. «Манас» эпосундагы элдик дарылоонун ыкмалары жана мааниси.....	373
Тойчубек кызы Жазгүл Үй-бүлөлүк баалуулуктар "Манас" эпосунда.....	380
Исабекова У.К. О предшественниках Махмуда Кашгарского.....	385
Толубаева Ч.Д. "Манас" эпосундагы портреттик сурөттөөлөр.....	387
Осмоналиев М "Кутгуу билим" дастанынын іүрк тилдүү элдердин акындар чыгармачылыгына тийгизген таасири.....	392
Сабыр уулу Амангелди. «Манас» эпосундагы ислам дининин алган орду.....	394
Бекболотов А.У. "Манас" баатырдын төрөлүшүндө кездешкен ырымдар (С.Каралав, Ш. Азизов, Ш. Рысмендиевдин варианттары боюнча).....	399
Алымбекова Ш.А. "Манас" жана "Семетей" эпосторунун өзектүү окуяларында кездешкен түштөр (С Орозбаков жана С Каралаев).....	404
Оайііо\а С.К. The гурез оҒкагах ероке.....	407
АЫкһапоуа СЛ). Кагах ерозез іп Сһа.....	410
Şйкііго\` АŞаһйŞeyіп. ОпшШік эбгШ һаік есҒеЫуаітш Ыг коіи.....	415
Асакеева А.Б. «Ак Меөр» поэмасындагы арман жанрынын көркөм чагылышы.....	419
Садырбек кызы Гулзат. Жаныбарлар тууралуу жөө жомоктор кыргыз фольклорунда.....	423
Кийизбаева Ч.К. Аалы Токомбаевдин чыгармачылыгындагы очерк жанры.....	425
Шоманова Г.К. Юродство и шутовство русского постмодернизма. Поэма Вен. Ерофеева «Москва-Петушки».....	431
Челтыгмашева Л.В. Этнопоэтическое своеобразие рассказов для детей Г.Казачиновой.....	436
Аалиева А.Б. К.Тыныстановдун чыгармаларында улуттук мүнөздүн берилиши.....	440